

### Кітапхана тарихы.

Оңтүстік Қазақстан облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы Шымкент қаласы 11 молтекауданы Ш.Уәлиханов көшесі 213-а үйде орналасқан.

1969 жылы Қазақ ССР Министрлігі бұйрығымен облыстық қарым – қатынас орталығы ретінде ақпараттар мен алмасу процестерін дамытуға, мәдени өзара байланыстарға қозғалыс мүгедектерінің бос уақыттарын тиімді пайдалануға әсер ететін көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана болып ашылды.

1969 жылға дейін Шымкент қаласында Облыстық КСК басқармасының қаржысы есебінен жинақталған шағын көзі көрмейтіндерге арналған кітапхана болып келді.

Кітапхана екі шағын бөлмелі және ауласында жалпы көлемі 59 кв.м. тұратын сарайы бар өкімшілік ғимаратта орналасты.

Көпшілік іс-шараларды өткізудің негізгі орны клуб болды. Кәсіпорында күн сайын радио торабы бойынша (2сағат) дауыстап оқулар жүргізілді. Соқырлар қоғамы жатақханасында және қариялар үйінде дауыстап оқу үйірмелері жұмыс істеді.

1972 жылдың қаңтарынан кітапхана Облыстық Мәдениет басқармасының қарамағына берілді.

1969 жылдан бастап кітапхана директоры болып Кондратова Тамара Гавриловна тағайындалды. Шебер ұйымдастырушы, ынтымақ басшы кітапханада 27 жыл еңбек етті.

Үздік еңбегі үшін КСРО мәдениет Министрлігінің «Үздік еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

1970 жылдың басында заман талабына сай болу үшін кітапхана қызметкерлері магнит таспасына жазылған әдебиеттерді кошірді, соның арқасында «үндеңдірілген» кітаптар қорын жасады.

1973 жылы қорда 34 атаулы – 159 рулон болды.

Қазіргі таңда кітап қоры 128849 дана болса, оның мемлекеттік тілдегісі 25517 дана. Негізгі кітап қоры бедерлі – нүктелі әріпті, жазық баспалы, үн таспада, орамда және нашар қоретіндерге арналған мәтінді үлкейтілген әріпте жазылған әдебиеттер мен мерзімді басылымдар, кіші қалыптағы мүсіндер, бедерлі – графиялық әдістемелер. Кітапханада 5027 оқырман бар. Олар қозғалмайтын және әлсіз қоретін жандар, солардың жанұясы. Сонымен қатар, кітапхана облыстың арнайы дефектолог, тифлолог мамандарына қызмет көрсетеді.

Дыбыс жазу студиясымен үндеңдірілген кітаптарды жеткізу туралы алғашқы келісім – шарт 1974 жылы Беларусь соқырлар қоғамының Минск студиясымен жасалды. 1976 жылы осындай келісім – шарт «ЦП МГП

УПП ВОС» Мәскеу дыбыс жазу студиясымен жасалынды.

1978 жылы қалалық атқару комитетінің шешімімен кітапханаға 2 болмелі секция бөлінді.

1980 жылы кітапхана 5 қабатты тұрғын үйдің бірінші қабатына кошірілді.

1982 жылы қозғалмайтын қызмет көрсету мақсатында қолқ беріліп, Шымкент қаласындағы стационар кітапханаларынан бөлек, зағиптар кітапхана пункттері мен филиалдарын кітаппен қамтамасыз етті.

1991 жылы козі кормейтіндер мен әлсіз коретіндер туралы ғылым – тифлология бойынша барлық кужаттар жинакталған тифлоболім кұрылды, мұнда кіші мұсін үлгілерімен бедерлі – графикалық суреттермен, тифлокұралдармен жана жұмыс түрлері онделді, тифложаналықтар откізілді.

1996 жылдан Боріханов Жұмахан Қуандықұлы (*загіп, марқұм*) директор болып тағайындалды. Заман талабына сай кітапхана техникамен камтылды, компьютер технологиялары кітапхана кызметіне енді.

Компьютер коз мүгедектерінін шығармашылық және зерделік мүдделерін іске асыруда үлкен көмекші, бейімделген технологиялардын көмегімен кітапхана оз оқырмандарын акпараттармен дер кезінде камтып, сапалы кызмет корсетіп отыр.

1998 жылдан директор орынбасары болып Ескендірова Галиябану Заханқызы «казіргі директор» тағайындалады. Ескендірова Г-нын нағыз кәсіби маман ретінде көп жұмыстар жасап жеткізген нәтижелері ауыз толтырып айтарлық.

2000 ж. – Сорос Казакстан қорынын қаржылық қолдауымен Акпараттық сауықтыру орталығы кұрылды.

2002 ж. – үндендірілген кітаптар дыбыс жазу студиясы кұрылды.

2003 ж. – Брайль басылымдарын (нүктелі әріптер) шығару бойынша акпараттық баспа бөлімі кұрылды.

2004 ж. – козі кормейтін пайдаланушылар үшін компьютер класы ашылды.

2002 жылдан бастап казіргі уақытқа дейін мүгедектердін мекен – жайына және окитын

жеріне кітапханалық қызметті ыңғайластыру мақсатында кітапхана филиалдары мен пункттері жүйелерін кенейту жұмысын жүргізіп келеді. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 14 филиал 7 пункт жұмыс істейді. Арнайы кітапхана облыс бойынша – ақпараттық – ресурстық, әдістемелік орталық болып саналады.

Оқырмандардың, әсіресе, ауыл тұрғындарының қазақ тілінде оқуға деген қажеттіліктері оқуде. Арнайы Ресей ИПТК «Логос» Мәскеу, С.Петербургтегі «Чтение» баспасы мұндай сұраныстарды орындай алмағандықтан,

2002 – 2003 жылдары 2 болім құрылды – үндендірілген кітаптардың дыбыс жазу студиясы және Брайль басылымдарын (нүктелі әріптер) шығаратын баспа болімі.

Осы болімдердің еңбектерімен қазіргі таңда 20546 атаулы кітаптар үндендірілді және катушкалы ленталардан кітаптарды цифрлау жұмыстары жүреді. Токсан сайын «Удивительное рядом», «Спектр», «Гажайып әлем» - ғылыми – көпшілік Брайль журналына оқырман сұранысы жоғары. Мектеп оқушылары үшін «Қазақстан тарихынан» - оқу құралдары, қоркем және көпшілік әдебиеттер – барлығы брайль бойынша 7121 атаулы кітаптар шығарылды. Кітаптарды іріктеуде репродукциялау үшін оқырмандар қатыстырылып ой – пікірлерімен бөліседі. Бөдерлі суреттерді жасау үшін «Tactil» аппараты пайдаланылады. Кітапханада оқырман Интернет, Электронды пошта, WEB - сайт қызметтерін пайдалана алады. «КАС.КИР» компьютер класы (Компьютер.Ақпараттық сауықтыру) жұмыс істейді.

Арнайы кітапханадағы «Тифлоболімде» Луи Брайль және оның алты нүктесі бойынша дайындалған кітаптар арқылы оқырманға қызмет көрсеті-

леді. Болімде дәстүрлі түрде, аптасына екі рет сәрсенбі, бейсенбі күндері ҚР-ның атаулы күндері мен мерейтой иелеріне және тағы басқа да тақырыптарда көпшілік іс-шаралар БАҚ қызметкерлерімен бірлесе өткізіледі.

2010 жылдың 13 қарашасында, арнайы кітапханада «Сенсорлық бөлме» ашылды. *Сенсорлық бөлменің ашылғандағы мақсаты:*

түрлі терапиялар арқылы көз мүгедектері үшін, мамандармен қарым-қатынас жасауына, сезімдік қобалжудың алдын алуға, психикалық процестерді дамытуға, сезім арқылы

түйсінуіне, кол саусақтарының сезінуін ретке келтіруіне қолғабыс беру. Сенсорлық жүйе адамға сезімдік танымды іске асыруға, қоршаған орта туралы мәліметтер алуына, сезімдік мүшелері мен талдағыш жүйелерін ретке келтіруіне мүмкіндік береді. Қору, есіту, иіс сезу және басқа да сезім мүшелері түйсіну, ұғыну, аңғару түрінде сезімдік танымның құрамына еніп, оның құрылымын сипатқа келтіреді. Әрбір талдағыш жүйеге ене отырып бүтіндей жүйенің әрекет әсерін қабылдайтындықтан, қору қабілетінің ауытқуы немесе толық қору қабілетінің жойылуы болсын олардың өзара әрекеті мен талдағышаралық байланыстарын өзгертеді. Мультисенсорлық ортада тактильді кітаптарды пайдалану өте қолайлы. Саусақпен сезіне отырып, құлағымен дыбысты қабылдайды.

*Сенсорлық бөлмедегі қамтылған жабдықтар:* үй кинотеатры, желдеткіш, стол, орындықтар, тифлоплеер Sony, проектор Epson, DVD, хош иісті проекторға арналған экран. Мұның барлығы түрлі дыбыстандырылған ынталандыру құралдары, жұлдызды аспан, сарқырама дыбысы т.б. қоршаған ортаны қамтиды.

2014 жылдың айынан бастап кітапхана ісінде мол тәжірибесі бар Нұрманбетов Бәкір Әбдіұлы кітапхана директоры болып тағайындалды.

2015 жылдың 4-ші тоқсанынан кітапхана "Қабис" бағдарламасымен жұмыс жасайды.

2018 жылғы 17 тамызда Түркістан облысы әкімдігінің шешіміне сәйкес департаментке бағынысты бірқатар ұйымдар Шымкент қаласына өтті. Осыған байланысты, аталған мекеме Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Шымкент қалалық көзі қорғайтын және әлсіз қорғайтын азаматтарға арналған арнайы кітапхана» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» болып өзгертілді.

Бәкір Әбдіұлының тұсында Шымкент қалалық мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының қолдауымен 2021 жылдың 21 желтоқсанында Кітапхана толық жаңғыртудан (модернизация) өтіп, қала тұрғындары үшін өзінің есігін айқара ашты.

Модернизацияға дейін кітапхана 141805 кітап қорымен, 5 000 мың оқырманмен, жұмыс жасап келсе, ал енді кітапханаға келушілердің құрамы 110 000-ға, кітап қоры 144 690-ға және де оқырмандар саны 21 000-ға дейін құрт өсті. Сонымен қатар, загіп оқырмандар заманауи тифло-техниканың көмегімен өздеріне қажетті барлық ақпаратқа жеңіл өрі

жылдам кол жеткізе бастады.

Кітапхана мәдени агарту және тәрбие орталығына айналып, заманауи акпараттык-коммуникациялык технологияларды толығымен игеріп, кала аумагындагы мекемелер мен ЖОО, колледж, мектеп, бала-бакшалары ұжымдарын кітапхана оқырманы болуға шақырып, ол мекемелермен озара меморандумға кол койылып жұмыс бастап кетті.

Ғылыми-техникалык ізденістермен айналысатын жағдай жасалынып, аудио форматтагы кітапхананын тыныс-тіршілігі жайындагы акпараттык-таныстырылым жұмысы жасала бастады.

Бүгінгі танда арнайы кітапхана кітапханада загіп оқырмандарға арналган «Дыбысты кітаптар шығару» болімі және бедерлі-нүктелі «Брайль кітаптарын басып шығару» болімі жұмыс жасауда. Заман сұрасына сай загіп және нашар көретін балалар мен жеткіншектерге «компьютерлік сауаттылықты» менгеруге бағытталган және түрлі гаджеттердін жұмысымен таныстырып, үйрететін «Компьютерлік класс» жұмыс жасап жатыр. Ерекше жаратылган оқырмандарымыз үшін шығармашылығын дамытып, ой-өрістерін көнейтетін, өнерін өрлетіп, жан-дүниесін рухани байыту мақсатында түрлі жобалар мен клубтар оз қызметін ұсынуға.

Сонымен қатар, Модернизациядан өткен арнайы кітапханада балалардын қосымша білім алып, ойнап тынығуына арналган «Baby Books» залы, тынығуға арналган демалыс бұрыштары, музыка тындауға, сонымен қатар жаз мезгілде жанға жайлы кітапхананын ауласында орналасқан «сағна», жазғы кітап сөрелері, ересектер мен балаларға арналган «өткеншектер», заманауи капсулалар және «балалар алаңшасы» іске қосылуда. Заманауи интерьердін саясында отырып, кітап оқуға арналган креативті оқу бұрыштары, алуан бағыттагы көлемді, топтық, көпшілік іс-шараларды өткізетін, қажетті техникамен жабдықталган «Конференц –залы», электронды форматқа өткен каталогтар, жастардын оқып - білім алуына, әлеуметтік желілердін көмегі арқылы жайлы орындарға жайғасып, келушілердін уақтылы тамақтануына арналган кофе-бардын, жұмсақ жиһаздарда отырып күту мүмкіндігі, сонымен қатар бірлесе ғылыми жұмыспен айналысуына, озара дебат, дискуссиялар өткізуге, кездесулер, ток-шоулар, библио-кафе, библио-аукцион, бенефистер, практикүмдар, блиц-сұраулар өткізуге арналган «Интерактивті орталық» залы ашылып, барлық мүмкіндік жасалган.

Модернизация ендірген барлық өзгерістерден сон, қала тұрғындарының кітапханаға деген қызығушылығының өзгеруі, жалпы келушілердің санының артуын, оқырман белсенділігінің артуын, көпшілік іс-шаралардың пішіні мен мағыналық мазмұнының күрт өзгеруі байқалды.